


AlcoEasy



АЛКОТЕСТЕР AlcoEasy A50

Пайдаланушы нұсқаулығы

*Құрылғыны пайдалану
алдында осы нұсқаулықпен
танысып шығыңыз*

ShenZhen Intermed Co., Ltd.

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	3
ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	3
ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ	4
НЕГІЗГІ МӘЗІР (Main Menu)	5
БЕЛСЕНДІ РЕЖИМ (Active Mode)	5
ПАССИВТІ РЕЖИМ (Passive Mode)	6
НӘТИЖЕЛЕР (Results)	7
ИКЕМДЕУЛЕР (Settings)	7
КҮНІ/УАҚЫТЫ (Date/Time)	8
ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ (Units)	9
КАЛИБРЛЕУ МЕРЗІМІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ (Cali. Remind)	9
СЕНСОРЛЫҚ ДИСПЛЕЙДІ КАЛИБРЛЕУ (TP Cali.)	10
СЕРВИСТЕР (SERVICES)	11
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ	11
АККУМУЛЯТОР ЖӘНЕ ЗАРЯДТАУ	17
БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ	18
ТЕХНИКАЛЫҚ АЙРЫҚШАЛАМА	20
КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕ	21
НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕР	22

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғымен жұмыс істеу алдында осы Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұнымен мұқият танысып шығыңыз!

Құрылғының жұмыс сипаттамалары оны пайдалану және техникалық күтім жасау шарттарына байланысты.

Калибрлеу және техникалық күтім тек жергілікті заңнаманың талаптарына сәйкес білікті мамандармен ғана жүзеге асырылуы тиіс.

Техникалық күтімді тек уәкілеттендірілген сервистік мамандар орындауы керек.


Жөндеу үшін тек Justec ShenZhen Intermed Co., Ltd компаниясымен өндірілген түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

Құрылғыда қолданылатын сенсордың құрамында химиялық зат болады, және ол жергілікті талаптарға сәйкес кәдеге жаратылуы керек.

ҚҰРЫЛҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1. AlcoEasy A50 құрылғысы деммен шығарылатын ауадағы этанол буларын талдағыштардың жаңа буынына жатады (бұдан әрі «алкотестерлер»). Бұл құрылғыда ең жаңа технологиялар қолданылады.
2. AlcoEasy A50 құрылғысында өзге заттармен реакцияға түспейтін, жылдам әсер ететін отын ұяшығы негізіндегі сенсор қолданылады. Сол арқылы тексеру дұрыстығы қамтамасыз етіледі.
3. Алкотестер AlcoEasy A50 газ ағынының кәсіби технологиясын қолданады, бұл іріктеу мен талдауға тек өкпенің тереңінен келіп түсетін ауаның қабылдануын кепілдендіріледі, бұл қандағы алкоголь құрамының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді.
4. Ұзақ мерзімді пассивті және жылдам режимдердің патенттелген технологиясын жылдам сканерлеу үшін қолдануға болады.
5. AlcoEasy A50 алкотестері небары үш батырманың көмегімен оңай басқарылады.
6. AlcoEasy A50 алкотестері 50 000 оқиғаны сақтайтын деректер жадысымен, сондай-ақ USB портымен жабдықталған. Деректерді принтерде басып шығаруға, немесе дербес компьютерге жіберуге болады. ДК-ге арналған бағдарламалық жасақтама пайдаланушыға құрылғыны калибрлеу, икемдеу және күтім жасау бойынша жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді.

ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ




СИМВОЛДАР

Символ	Сипаттамасы
	Акумулятор заряды деңгейінің индикаторы
	Сағат
	Төмен/Жоғары батырмалары
	Мәзір батырмасы
	«Артқа» батырмасы
	Қуат батырмасы

Символ	Сипаттамасы
	Назар аударыңыз
	Өндірілген күні
	Өндіруші
	Өнімнің нөмірі
	Сериялық нөмір
	Өнім бойынша кәдеге жарату ережелері

НЕГІЗГІ МӘЗІР (Main Menu)

1. Алкотестерді қосқаннан кейін, ол автоматты түрде «Active Mode» (Белсенді режим) жұмыс режиміне ауысады.
2. Мәзір батырмасын басқан кезде, дисплейде төмендегі суреттегідей опциялар көрсетіледі:




3. Қажетті қосалқы мәзірді таңдау үшін ▼ батырмасын басыңыз.
4. Қосалқы мәзірдің интерфейсіне кіріп, икемдеулермен жұмыс істеу үшін OK? батырмасын басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ! Бұл құрылғы сенсорлық экранмен жабдықталған, Сіз мәзір пәрменіне кіріп, экранға басу арқылы оны басқара аласыз.


БЕЛСЕНДІ РЕЖИМ (Active Mode)

Белсенді режимде тексерілетін адам алкотестерге демін шығарып, шынайы өлшеу нәтижесін алуына болады.



ПАССИВТІ РЕЖИМ (Passive Mode)

1. Пассивті режимнің мақсаты қоршаған ауадағы алкогольді анықтау болып табылады.
2. Бұл режимді дәл өлшеу үшін қолдануға болмайды. Өлшеу көрсеткіші тек ауада этанолдың бар-жоғын көрсетеді. Дәлелді қолдану үшін дәл өлшеулер өткізуге мүмкіндіктер беретін Белсенді режимді (Active Mode) қолданыңыз.
3. Пассивті режимде дисплейде «Sampling» (Сынаманы іріктеу) хабарламасы көрсетіледі. Алкотестерді тексеруден өтетін адамның мұрнына немесе аузына жақындатып, одан құрылғыға дем шығаруын өтінген соң, «Start» (Старт) батырмасын басу керек. Құрылғы сынаманы алып, талдау жасайды.



4. Үнсіз келісім бойынша орнатылған үлгі жинау кезеңі – 5 секунд. Сондай-ақ оны 5-тен 15 секундқа дейінгі аралықта икемдеуге болады. Пайдаланушы бұл икемдеуді Мәзір/Икемдеулер/Сервис/Дем шығаруды икемдеу»-де (Menu/Settings/Service/Blow setting) орындай алады. Бірақ бұл икемдеу тек авторланған пайдаланушыларға қолжетімді.
5. Пассивті режимде өлшенетін мән төмендегі суретте көрсетілгендей, тек ауада алкогольдің болуын немесе болмауын ғана көрсетеді.




НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

Құрылғы мен ауыз арасындағы қашықтық аспаптың сезгіштігі мен дәлдігіне әсер етеді, себебі деммен шығарылатын ауа көлемі қоршаған ортадағы ауа салдарынан азаюы мүмкін.

Құрылғының кіру тесігі тексеруден өтетін адамның аузына немесе мұрнына айтарлықтай жақын орналасқандығына және 10 см-ден аспайтындығына көз жеткізіңіз. Сөйтіп, деректер дәл және жаза тағайындау үшін негіз бола алатындай болуы тиіс. Дәлелді қолдану үшін, дәл өлшеулер беретін мүштікпен жабдықталған алкотестерді қолданыңыз.


НӘТИЖЕЛЕР (Results)

1. Құрылғының жадысында өлшеу деректері, соның ішінде өлшеу нәтижесі, күні, уақыты және жазбаның нөмірі сақталады.
2. Пайдаланушы бұл мәзірде алдыңғы өлшеулердің кез келгенін таба алады.
3. «Ок» батырмасын басып, дисплейде соңғы орындалған өлшеуді көруге болады.
4. Келесі жазба көрсетілуі үшін «▼» батырмасын басыңыз..
5. Пайдаланушы мәзірде сақталған жазбалардың кез келгеніне қолжетімдік алып, оны басып шығара алады.




ИКЕМДЕУЛЕР (Settings)

1. Мәзірде пайдаланушы құрылғының кейбір функцияларын өзгерте немесе икемдей алады.
2. Мәзірдің Settings (Икемдеулер) функциясын таңдағаннан кейін, мәзірдің келесі деңгейіне өту үшін Ок батырмасын басыңыз.




КҮНІ / УАҚЫТЫ (Date/Time)

1. Жоғары/төмен батырмаларын пайдалана отырып, қажет тарауды таңдаңыз.
2. Күні және Уақыты (Date & Time) бөлімін таңдап, растау үшін «Ок» батырмасын басыңыз. Дисплейде икемдеу экраны көрсетіледі:




3. Пайдаланушы сенсорлық экранды пайдалана отырып, күн мен уақытты икемдей алады.
4. Жоғарыдағы суретте мынадай күн белгіленген: 2014.5.6. 17:31.



- Егер цифрлық мән жүйенің ауқымынан асатын болса, сіз оны енгізе алмайсыз, дисплейде «Out of range» (Ауқымнан тыс) хабарламасы көрсетіледі.
- Мысалы, егер айдың бірінші күні 2-ге орнатылса, бұл цифрді енгізген кезде, жүйе «Out of range» (Ауқымнан тыс) хабарламасын көрсетеді, 0 немесе 1 цифрларынан бастап айдың дұрыс нөмірін енгізіңіз.
- Егер цифрдің әрқайсысы дұрыс ауқымда енгізілсе, бірақ күні немесе уақыты жалпы ұйғарынды шектен асатын болса, онда Ок батырмасын басқан кезде, дисплейде «Out of range» (Ауқымнан тыс) хабарламасы көрсетіледі.


ӨЛШЕУ БІРЛІКТЕРІ (Units)

- Мәзірдің осы Units (Өлшеу бірліктері) тарауында пайдаланушы сенсорлық экранды пайдалана отырып, және Ок батырмасын басып, қажетті өлшеу бірлігін таңдай алады.




КАЛИБРЛЕУ МЕРЗІМІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ (Cali. Remind)

- Бұл құрылғы қосылған кезде, келесі калибрлеу мерзімі туралы ескертеді.
- Пайдаланушы бұл функцияны Қоса/Сөндіре алады.
- Бұл құрылғы әрбір 6 ай сайын калибрленуі тиіс болғандықтан, оны қосқан кезде калибрлеу мерзімі аяқталатын келесі күнге дейін ескерту көрсетіледі.



СЕНСОРЛЫҚ ДИСПЛЕЙДІ КАЛИБРЛЕУ (TP Cali.)

1. Ұзақ мерзімді пайдаланудан кейін, сенсорлық дисплейдің жұмысында ауытқулар байқалады, олар қажет емес функциялардың басылып кетуі немесе сенсорлық дисплейдің жұмыс істемеуі түрінде болуы мүмкін.
2. Сенсорлық дисплейді төменде көрсетілгендей тәсілмен калибрлеу керек:
3. Бес меңзерлік нүктеге кезек-кезегімен басыңыз. Егер әрбір нүкте дәл басылса, калибрлеу дұрыс орындалған.




Назар аударыңыз:

Егер меңзер көрсеткішін түртіп тұрмаса, күрделі қате орын алуы мүмкін. Дисплейде «TP Cali.Error» хабарламасы көрсетіледі. Бұл жағдайда калибрлеуді қайта орындау керек.

СЕРВИСТЕР (SERVICES)


1. Мәзірдің бұл тарауы құпиясөзбен қорғалған. Бұл тарау тек авторландырылған пайдаланушыларға ғана қолжетімді.



ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ


ҚОСУ

Қуат батырмасын басып, 1 секунд бойы ұстап тұрыңыз, құрылғы қосылады. Қосылғаннан кейін, құрылғының өзін-өзі тексеруі басталады. Бұл тексеру кезінде дисплейде екі секунд бойы құрылғының логотипі, бағдарламалық жасақтаманың нұсқасы, сондай-ақ келесі калибрлеудің күні мен уақыты сияқты деректер көрсетіледі.



БЕЛСЕНДІ РЕЖИМДЕ ӨЛШЕУЛЕР ОРЫНДАУ

1. Өзін-өзі тексеру процесі аяқталғаннан кейін, құрылғы жұмысқа дайын болады.
2. Дисплейде «Ready» (Дайын) жазуы көрсетіледі, мүштік арқылы талдағышқа өкпедегі ауаны деммен шығару қажет.
3. Егер Белсенді жұмыс режимі таңдалса, дем шығарған кезде дыбыстық сигнал естіледі, бұл сигналдар құрылғыға деммен шығарылатын ауа жеткілікті мөлшерде жеткенге дейін тоқтамайды. Бұдан кейін құрылғы автоматты түрде сынаманы талдауға көшеді.



Белсенді режимде құрылғы алкоголь деңгейін жоғары дәлдікпен орындайды. Бұл жағдайда сенсордың ауаны өкпенің тереңінен алуы қамтамасыз етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1. Ауыз қуысындағы алкоголь қалдықтары өлшеу нәтижелерінің дұрыс болмауына алып келеді. Тексеруден өтетін адам өлшеуді орындау алдында алкоголь қабылдамағанын анықтау керек.
2. Әйтпесе өлшеуді тек 15 минут өткен соң өткізу керек.
3. Темекі түтіні құрылғыны зақымдайды және өлшеу нәтижелерінің дұрыс болмауына алып келеді. Алкотестер қолданылатын тексеруден өтер алдында темекі тартуға тыйым салынады.
4. Немесе темекі тартқаннан кейін кемінде 2 минут күте тұру керек.


Мүштікті орнату

1. Дем шығару алдында мүштікті орнату портына қондыру керек.
2. Мүштік бір рет қолданылатын бұйым болып табылады, оны қайта пайдалануға болмайды.

Сынаманы алу


Егер Белсенді жұмыс режимі таңдалса, дем шығарған кезде дыбыстық сигнал естіледі, бұл сигналдар құрылғыға деммен шығарылатын ауа жеткілікті мөлшерде жеткенге дейін тоқтамайды.

Егер дем шығару бұзылысы орын алса, дисплейде «Blow failure» (Дем шығару бұзылысы) хабарламасы көрсетіледі.




Автоматты талдау

1. Сынаманы жинау процесі аяқталған кезде, құрылғы автоматты түрде сынаманы талдауға көшеді.
2. Автоматты талдау кезеңі деммен шығарылатын ауадағы алкоголь концентрациясына байланысты болады. Концентрация жоғарырақ болған сайын, ұзағырақ уақыт талап етіледі.




Өлшеу нәтижесі

Талдау аяқталғаннан кейін, дисплейде өткізілген өлшеу нәтижелері көрсетіледі. Егер өлшеу нәтижесі қолжетімді өлшеу ауқымынан асатын болса (0 – 550 мг/100мл), дисплейде «>550mg/100ml» хабарламасы көрсетіледі.



Хабарламаларды енгізу

1. Бұл құрылғы сенсорлық экранды пайдалана отырып, машина нөмірін, полицей нөмірін және жүргізуші куәлігінің нөмірін енгізуге мүмкіндік береді.
2. Төменде енгізу аймағы болып табылатын экран көрсетілген. Әріптерге басу үшін сенсорлық экранды пайдаланыңыз.






→ Авто нөмірі (CN)

3. Экрандық пернетақтада 10 цифр, 26 әріп және 4 арнайы символ бар.
4. Енгізу барысында қате жіберілген жағдайда, дұрыс емес сөздерді жай ғана **←** батырмасына басып, тиісті сөздерді дұрысына ауыстыру керек.
5. Автомобильдің нөмірі туралы деректерді енгізіп болғаннан кейін, полицей нөмірін енгізу интерфейсіне кіру үшін «PN» (*Police No.* – Полицей нөмірі) батырмасын басыңыз.
6. Полицей нөмірі туралы деректерді енгізіп болғаннан кейін, Жүргізуші куәлігінің нөмірін енгізу интерфейсіне кіру үшін «LN» (*License No.* – Жүргізуші куәлігінің нөмірі) батырмасын басыңыз.
7. Бүкіл ақпарат енгізілгеннен кейін, Ок батырмасын басыңыз, жүйе нәтиже береді.

«Авто нөмірі (CN)»

«Жүргізуші куәлігінің нөмірі»

«Белсенді режим»



Енгізілген деректерді түзету

1. Пайдаланушы негізгі мәзірге оралу үшін «**↶**» (Артқа) батырмасын басу алдында, ол енгізілген деректерді өзгерте немесе жоя алады.

Нәтижелерді басып шығару

1. Бір өлшеу жасалғаннан кейін, дисплейде қандағы алкоголь концентрациясы, күні, уақыты және реттік нөмірі туралы ақпарат көрсетіледі. Нәтижені басып шығару үшін «Print» (Баспа) батырмасын басыңыз. Басып шығарған кезде дисплейде «Printing» (Басып шығару) хабарламасы көрсетіледі.

Назар аударыңыз:

Негізгі мәзірдің «Record» (Жазу) бөліміне көшіп, сақталған жазулардың кез келгенін басып шығаруға болады, бірнеше нәтиже үшін сенсорлық экрандағы «Print» (Басып шығару) батырмасын қайтадан басыңыз.


Нәтижелерді сақтау

1. Пайдаланушы «↶» (Артқа) батырмасын басқан немесе құрылғыны сөндірген кезде ғана бүкіл анық және толық енгізілген ақпарат жадыда сақталады. Құрылғы толығымен разрядталған болса да, флэш-жинақтағыштағы деректер мен сақталған нәтижелер жойылмайды.

Назар аударыңыз:

Пайдаланушы тест деректерін «Result» (Нәтиже) бөлімінде тексеруге болады. Нәтижелерді өзгертуге немесе жоюға болмайды.

2. Құрылғының жадысы 20 000 өлшеу деректерін, соның ішінде көрсетулер, күн, уақыт және жазбаның нөмірі туралы ақпаратты сақтай алады.
3. Флэш-жады толып кеткен кезде автоматты түрде қайта жазылады. Әйтсе де қайта жазылу алдында дабыл сигналы қосылады. Егер жады толып кетсе, ең бірінші жазба автоматты түрде қайта жазылады.
4. Флэш-жадының 90%-ы толып кеткен кезде (мысалы: 27 000 өлшеу), дисплейде ақпараттық хабарлама көрсетіледі.




Келесі өлшеу

1. Егер сіз келесі өлшеуді өткізгіңіз келсе, «↶» (Артқа) батырмасын басыңыз. Құрылғы соңғы өлшеу туралы деректерді сақтап, жұмысқа дайын болады.
2. Басқа мәзірден шығу үшін, негізгі мәзірге оралып, келесі өлшеуді орындау үшін Белсенді режимді (Active Mode) таңдаңыз.

СӨНДІРУ

1. Қуат батырмасын басып, 3 секунд бойы сол күйде ұстап тұрыңыз. AlcoEasy A50 құрылғысы сөнеді, ал дисплейде кері есеп көрсетіледі:



2. AlcoEasy A50 алкотестері 2,5 минут бойы қолданылмаса, автоматты түрде сөнеді.

Калибрлеу және Сервис

1. AlcoStop 8000S алкотестерін әрбір 6 ай сайын немесе жергілікті заңнамамен белгіленген өзге аралықпен калибрлеп тұру керек, бұл құрылғының жарамды жұмыс күйінде екендігіне көз жеткізу үшін керек.
2. Калибрлеу тек авторландырылған тұлғалармен орындалуы тиіс.

Күтім

1. Бұйымды тазалау үшін тек жұмсақ тазартқыш құралдарды қолдануға болады.
2. Тазалау үшін таза спирт, ацетон, скипидар сияқты және басқа да органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады. Сақ болыңыз, әсіресе мүштікті орнату портын және дем шығару портын тазалау барысында құрылғының ішіне су өтпеуін қадағалаңыз.

USB порты

1. USB-порттың ұзақ уақыт бойы дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін, ылғал немесе ластық өтуінен қорғалуын қадағалаңыз.

Сенсорлық экранды калибрлеу

1. Сенсорлық экранның бетін тазарту үшін тұрпайы, үшкір және қатты заттарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ матаны қолдануға болады.


АККУМУЛЯТОР ЖӘНЕ ЗАРЯДТАУ

Аккумуляторлық батарея

AlcoEasy A50 алкотестері қызып кетуден, қысым мен токтың жылыстауынан қорғайтын қорғаныс беті бар сыйымдылығы 1300мА/сағ литий-ионды аккумулятормен жабдықталған. Аккумулятор бір зарядтан 1000 сынаққа дейін орындауға мүмкіндік береді.


Зарядтау деңгейінің индикаторы

Дисплейдің сол жақ бұрышында аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы бар. Аккумулятор заряды төмен болған кезде, аккумулятор зарядының индикаторы төмендегі суреттерде көрсетілгендей беріледі:



Аккумуляторды зарядтау

USB зарядтау құрылғысын немесе тұтандырғыштан зарядтау құрылғысын (9В, 1А) орнатыңыз, дисплейде «Charging»(Зарядтау) хабарламасы көрсетіледі. Зарядтау процесі аяқталған кезде, «Charging Over» (Зарядтау аяқталды) хабарламасы көрсетіледі.



Назар аударыңыз!

Түпнұсқалық емес зарядтау құрылғыларын пайдаланбаңыз, әйтпесе құрылғы зақымдануы мүмкін. Егер қоршаған орта ауасының температурасы 0 градустан төмен немесе 45 градус Цельсийден жоғары болса, құрылғыны зарядтамаңыз. Әйтпесе құрылғы зақымдануы немесе аккумулятордың жарылуы мүмкін.

БҰЗЫЛЫСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ

ПАССИВТИ РЕЖИМ (PASSIVE MODE)

Қате туралы хабарлама	Себептер	Жою
Тексерілетін тұлға алкоголь қабылдамаса да, құрылғы алкогольдің болуын анықтайды.	Құрылғыда алдыңғы тесттен алкогольі бар қалдық сынама қалған, немесе алдыңғы өлшеу тым жоғары нәтиже көрсеткен.	Алдыңғы тесттен кейін 15 секунд күте тұрып, тексеруді қайтадан өткізу керек.
Құрылғы Сканерлеу режимінде сынамада алкогольдің бар екендігін анықтайды, бірақ басқа тест «0» мәнін көрсетеді.	Құрылғының сезгіштігі (0,5мм/100мл) > 5мг/100мл.	Тестті өткізу үшін басқа құрылғыны пайдаланыңыз.
Мас адамның өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Сенсор бұзылған, сезгіштігі төмен. Қоршаған ортаның температурасы тым төмен. Ауыз бен құрылғы арасындағы қашықтық тым үлкен. Сынамаларды іріктеу порты жабық.	Этанолдың сенсорын жаңасына ауыстырыңыз. Қайтадан калибрлеңіз. Құрылғыны ауызға жақын орналастырыңыз. Мүштікті ауыстырыңыз.
Бірнеше сағат пайдаланғаннан кейін қуаттандыру жоқ.	Аккумулятор бұзылған.	Аккумуляторды жаңасына ауыстырыңыз.

БЕЛСЕНДІ РЕЖИМ (ACTIVE MODE)

Қате туралы хабарлама	Себептер	Жою
Дем шығару бұзылысы «Blow failure»	Дем шығару тоқтатылған немесе 1,0 л-ге жетпейді.	Дем шығаруды қайтадан орындап, көлемді 1,0л-ге жеткізіңіз.

БЕЛСЕНДІ РЕЖИМ (ACTIVE MODE)

Қате туралы хабарлама	Себептер	Жою
Калибрлеу қатесі «Calibration Error»	Калибрлеу қатесі.	Қайта калибрлеуді орындаңыз.
Калибрлеу мерзімі аяқталған «Calibration Expired»	Калибрлеу мерзімі аяқталған.	Қайта калибрлеуді орындаңыз.
Екі өлшеу арасындағы айырмашылық үлкен	Тестілеу алкогольді тікелей пайдаланғаннан кейін өткізілген, ауызда алкоголь қалдықтары қалады.	Екінші қайтара тестті 5 минуттан кейін орындаңыз, егер екі мәннің арасында 10% айырмашылық болса, онда ауызда алкоголь қалдықтары қалған. 15 минут күте тұрып, екінші қайтара тестті өткізіңіз.
Алкоголь иісі сезіледі, бірақ өлшеу көрсеткіштері нөлге тең.	Алкотестердің өлшеу көрсеткіші 3мг/100мл мәнінен төмен, «0» мәнін көрсетеді, немесе құрылғы бұзылған.	Басқа құрылғыны пайдаланыңыз. Немесе қан талдауын орындаңыз. Құрылғыны сервистік орталыққа жөнелтіңіз.
Сынама жинау жүйесінің бұзылысы «Sampling system Error »	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етеді. Сынама жинау жүйесінің қатесі.	Өлшеуді қайта өткізіңіз, осындай қате қайтадан пайда болса, сервистік мамандардың көмегіне жүгініңіз.
Уақыт қатесі «Time Error»	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етпейді. Күн мен уақыттың бұзылысы.	Бұл бұзылыс өткізілетін тексерулердің дәлдігіне әсер етпейді, бірақ осы қате қайтадан пайда болмауы үшін сервистік орталыққа жүгіну керек.
Температура қатесі «Temperature Error»	Қоршаған орта температурасы ұйғарынды шектен асады.	Өлшеу көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін. Температурасы ұйғарынды шектерде болатын басқа ортаға барыңыз.
Жады қатесі «Memory Error»	Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді – бірақ өлшеу нәтижесіне теріс әсер етеді. Құрылғының жадысынан ақпаратты шығару немесе ақпаратты жадыға жазу мүмкін емес.	Бәлкім, жаңа күн жазылуы мүмкін, ал ескі күн оқылмайды. Тағы бір тест өткізіңіз, осындай қате қайтадан пайда болса, сервистік орталықтың көмегіне жүгініңіз.

Жады толып кеткен «Memory Full»	Құрылғының жадысында бос орын жеткіліксіз. Құрылғының жадысы толып кеткен.	Кейбір деректерді жойыңыз. Сервистік мамандардың көмегіне жүгініңіз.
Қағаз қатесі «Paper Error!»	Қағаз жоқ.	Құрылғыдағы қағазды ауыстырыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ АЙРЫҚШАЛАМА

Құрылғы:	
Өлшеулер режимі:	Белсенді режим және Пассивті Режим
Өлшеулер ауқымы:	(0-550)мг/100мл (Қандағы Алкоголь Концентрациясы)
Дәлдік:	
Ауқым (0 -88) мг/100мл	± 4,4 мг/100мл
Ауқым (88 – 220) мг/100мл	± 5 % абсолютной величины
Ауқым >220 мг/100мл	± 20 % абсолютной величины
Өлшеу ауқымы (Деммен шығарылатын ауадағы Алкоголь Буларының Концентрациясы)	(0-2.5) мг/л (Деммен шығарылатын ауадағы Алкоголь Буларының Концентрациясы)
Дәлдік:	
Ауқым (0,00 -0,40) мг/л	± 0,020 мг/л
Ауқым (0,40 – 1,00) мг/л	абсолютті шамадан ± 5 %
Ауқым >1,00 мг/л	абсолютті шамадан ± 20 %
Қоршаған орта шарттары:	
Жұмыс температурасы:	-5°C - +50°C
Сақтау температурасы:	- 30 °C - +70°C
Ұсынылатын сақтау температурасы (сенсор):	0 °C - +25°C
Қысым:	600- 1400 гПа
Салыстырмалы ылғалдылық:	20 - 98 %
Ең төмен көлем:	1.0 л
Акумулятор:	
Түрі:	7.4V, 2000мА/сағ, қайта зарядталатын литий-ионды аккумуляторлық батарея
Бір зарядтаудан жасалатын өлшеулер саны:	1000 тесттен астам.
Құрылғы интерфейсі:	
	Деректерді USB портын пайдалана отырып принтерге немесе ДҚ-ге таратуға болады.
Өлшемдері (Ұ x Е x Б):	180 мм x 70 мм x 30 мм
Салмағы:	250 г, аккумулятормен
Өзге Параметрлер:	
Алдын ала қыздыру уақыты:	Шамамен 5 секунд
Нөлге теңеу уақыты:	
Алдыңғы өлшеу: 0 мг/100мл:	шамамен 3 сек.
Алдыңғы өлшеу: <100 mg/100ml	шамамен 5 сек.
Алдыңғы өлшеу: >100 mg/100ml:	шамамен 7 сек.
Сенсордың түрі:	Жылдам әсер ететін отын ұяшығы

Айқыш сезгіштік:	Жоқ
Мүштік:	Бір рет қолдануға арналған, бір бағытты
Өлшеу бірліктері:	%оВАС, мг/л ВrАС, мг/100мл ВАС Тапсырыс берушінің өтініші бойынша қосылады
Пайдаланушының интерфейсі:	Мәзір арқылы жұмыс
Батырмалар:	3
Энергия үнемдеу режимі:	2.5 мин жұмыссыз тұрғаннан кейін автоматты түрде сөнеді
Дисплей:	Түрлі-түсті TFT – дисплей, 2.8 дюйм
Жады:	Күні мен уақыты көрсетілген 50 000 өлшеу көрсеткішіне дейін.
Бағдарламалық жасақтама:	ДК арқылы деректерді басқаруға, деректерді таратуға арналған бағдарламалық жасақтама, сақтау опциясы.
Калибрлеу:	Әрбір 6 ай, немесе жергілікті билік органдарының талабы бойынша.

КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕ

1. Өндіруші өнім сапасын сатылған күннен бастап 1 жыл бойы кепілдейді. Құрылғыда жинау сапасының, материалдардың және пайдалану сапасының ақаулары анықталған жағдайда, кепілдік шарттарына сәйкес өндіруші сатып алған күннен бастап бір жыл бойы жөндеуді тегін орындауға міндеттенеді.
2. Егер құрылғы оны пайдалану ережелерінің бұзылуы салдарынан зақымдалған болса немесе онда механикалық зақымданулар болса, бұл кепілдік жарамсыз болады.
3. Сапасы төмен немесе жарамдылық мерзімі өткен батареяларды пайдаланбаңыз, әйтпесе құрылғы химиялық сұйықтықпен зақымдануы мүмкін. Бұл жағдайда өндірушінің кепілдігі жойылады.
4. Құрылғыны қайтарып беру мақсатында оны тасымалдау бойынша барлық шығындарды пайдаланушы өтейді.

НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕР

Атауы	Ерекшеліктері
1. Сорғы	0.2 мл
2. Экран	2,8 дюйм, TFT
3. Алкогольдік сенсор	A319

Предприятие-изготовитель: Компания **Justec Shenzhen Co.,Ltd.**, Гонконг.

Импортер: ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.

www.alcotester.kz; эл. почта: info@mgs.kz

Уполномоченный производителем сервисный центр в Республике Казахстане:

ТОО «Медицинские Газовые Системы». Республика Казахстан, 050040 г, Алматы, мкр-н Коктем-2, д.11А, оф. 3, тел. 8(727) 387-20-31, 8(727) 262-20-83.

www.alcotester.kz; эл. почта: info@mgs.kz